

Акцияларының (үлестерінің) елу және одан көп пайызы немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың және олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың (табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда) тауарларды кейіннен көтерме-бөлшек саудада сату мақсатында сатып алуы мемлекеттік сатып алу мәні болып табылмайтын тауарлардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 318 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 қарашадағы № 1177 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.09 № 1177 Қаулысымен.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Акцияларының (үлестерінің) елу және одан көп пайызы немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың және олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың (табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда) тауарларды кейіннен көтерме-бөлшек саудада сату мақсатында сатып алуы мемлекеттік сатып алу мәні болып табылмайтын тауарлардың тізбесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын, тауарлар мен қызметтерді өндіретін ұйымдардан конкурсты ұйымдастырушылар сатып алатын тауарлар мен қызметтердің 2005 жылға арналған номенклатурасы мен олардың көлемі (пайызбен көрсеткенде) туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 қарашадағы N 1213 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 45, 574-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын, тауарлар мен қызметтерді өндіретін ұйымдардан конкурсты ұйымдастырушылар сатып алатын тауарлар мен қызметтердің 2005 жылға арналған номенклатурасында:

1-тармақтың 1), 3), 4) тармақшалары алынып тасталсын.

3. "Ауыл шаруашылығы өнімінің жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 наурыздағы N 371 қаулысының (Қазақстан Республикасының

ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 15, 195-құжат) 1-тармағы 2) тармақшасының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2005

жылғы

8

сәуірдегі

N

318

қаулысымен

бекітілген

Акцияларының (үлестерінің) елу және одан көп пайызы немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың және олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың (табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда) тауарларды кейіннен көтерме-бөлшек саудада сату мақсатында сатып алуы мемлекеттік сатып алу мәні болып табылмайтын тауарлардың тізбесі

1. Қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру үшін сатып алынатын азық-түлік тауарлары:

ет және ет өнімдері (сиыр еті, шошқа еті, қой еті, жылқы еті, құс еті);

ет бұйымдары (шұжықтар, сүр ет, консервілер);

өңдеуден өтпеген (тоңазытылмаған) балық;

с ү т ;

нан, нан-тоқаш өнімдері және кондитерлік бұйымдар;

ж ұ м ы р т қ а ;

ара шаруашылығының өнімдері;

жаңа піскен көкөністер, жемістер, цитрус жемістер және жидектер;

т о м а т п а с т а с ы ;

кептірілген жемістер;

тұздықтар, дәмдеуіштер, соустар, кетчуп;

а ш ы т қ ы ;

тауар өндірушілерден (олардың өкілдерінен) тікелей сатып алынатын алкогольсіз сусындар.

2. Ауыл шаруашылығы шикізаты және оны өңдеуден алынған өнімдер:

ет және ет өнімдері (сиыр еті, шошқа еті, қой еті, жылқы еті, құс еті);
қ о с ы м ш а е т ө н і м д е р і ;
ет бұйымдары (шұжықтар, сүр ет, консервілер);
б а л ы қ ж әне б а л ы қ ө н і м д е р і ;
сүт және сүт өнімдері (қаймағы алынбаған сиыр, жылқы, түйе, ешкі сүті,
құрғақ сүт, сүзбе, сары май, қаймақ, кілегей, ірімшіктің барлық түрлері, қымыз,
шұбат, ірімшік, казеин, құрт);
жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері;
ара және ара шаруашылығының өнімдері;
ірі қара мал, қой, ешкі, шошқа және түйе терілері;
өңделген терілер (вет-блю, үлбір тонға арналған қой терісі, боялған және
боялмаған шала өнімдер, былғары);
қ о й , т ү й е ж әне е ш к і ж ү н і ;
тірі мал (ірі қара мал, қойлар, ешкілер, түйелер, шошқалар, жылқылар,
м а р а л д а р) ;
қ ұ с т ы ң б а р л ы қ т ү р л е р і ;
м а р а л д ы ң м ү й і з і .

3. Өзге де тауарлар:

оны алуды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардан тікелей сатып алынатын табиғи, мұнайдан ілеспе алынатын, құрғақ және шикі газ; отандық тауар өндірушілерден тікелей сатып алынатын уран және оның қоспалары, тантал мен бериллийден алынатын өнімдер.